

### Депозиторға хабарландыру

1. Осы арқылы "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі – Банк) Сізді депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысуы туралы хабардар етеді.

2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Сіздің депозитіңіз (салымыңыз)<sup>1</sup> депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

3. Заңға сәйкес кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы мынадай:

- ұлттық валютадағы жинақ салымдары (депозиттері) бойынша – **20 миллион теңге**;
- ұлттық валютадағы өзге депозиттер (жинақ салымдарын қоспағанда) бойынша – **10 миллион**

**теңге**;

- шетел валютасындағы депозиттер бойынша – **5 миллион теңге**.

Егер Банкте түрлері мен валютасы әртүрлі бірнеше депозит (салым) орналастырылған болса, барлық депозиттер (салымдар) бойынша жиынтық қалдық сомасы кепілдендіріледі, бірақ әрбір депозит (салым) түрі бойынша шектерді ескере отырып, кепілдік өтемінің ең жоғары сомасынан – 20 миллион теңгеден аспайды.

**Сіздің назарыңызға саламыз:** кепілдік өтемінің төленетін мөлшері Банктің барлық түрдегі операцияларды жүзеге асыруға арналған банктік лицензиясынан айырылған күні (бұдан әрі – лицензия) есептеледі, ол депозиттегі (салымдағы) қалдық сомасына, есептелген сыйақыны ескере отырып, және келесі нәтижесі бойынша анықталады:

1) шетел валютасындағы депозит (салым) қалдығының сомасын валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгеге қайта есептеу;

2) Банктегі өзге депозиттердің (салымдардың) қалдық сомаларын ескере отырып, олардың түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі болатын кепілдік өтемінің жиынтық сомасын есептеу;

3) Сіздің Банк алдындағы берешегіңіз болған жағдайда, мысалы, несие бойынша, оны есепке алу.

**Назар аударыңыз:** Сіздің депозитіңіздің (салымыңыздың) атауы, түрі, валютасы және өзге шарттары, соның ішінде Заңмен белгіленген кепілдік өтемінің ең жоғары (шекті) сомасы Банкпен және Сізбен банктік шот келісімшарты және (немесе) банктік салым келісімшарты жасалған кезде қол қойылатын өтініште немесе өзге құжатта, соның ішінде электрондық нысанда көрсетіледі.

4. Банк лицензиясынан айырылған жағдайда «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКБҚ) Сіздің депозитіңіз (салымыңыз) бойынша кепілдік өтемін Банк лицензиясынан айырылған күннен бастап **20 жұмыс күні ішінде** төлеуді бастайды.

ҚДКБҚ-ның кепілдік өтемін төлеудің басталу күні, тәртібі мен тәсілдері, кепілдік өтемін төлеуді жүзеге асыратын агент-банктердің тізбесі, төлеудің басталу кезеңі не оны кейінге қалдыру туралы хабарландыруы Банк лицензиясынан айырылған күннен бастап **15 жұмыс күні ішінде** қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында («Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда»), сондай-ақ ҚДКБҚ интернет-ресурсында ([www.kdif.kz](http://www.kdif.kz)) және өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Кепілдік өтемін төлеудің басталу күні аталған хабарландыру жарияланған күннен бастап **5 жұмыс күнінен аспайды**.

5. Кепілдік өтемін төлеу мерзімі төлеудің басталу күнінен бастап 1 жылды құрайды. Кепілдік өтемін алу үшін Сіз агент-банктердің тізбесінен таңдалған агент-банкке (агент-банктерге) қағаз жеткізгіште өтініш бере аласыз.

Кепілдік өтемін төлеу Сіздің өтініш берген күнінен бастап растайтын құжаттарды қоса отырып, 5 жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады. Кепілдік өтемін төлеуге арналған өтініш нысандарымен және растайтын құжаттардың тізбесімен ҚДКБҚ интернет-ресурсында ([www.kdif.kz](http://www.kdif.kz)) танысуға болады.

<sup>1</sup> банктік шот шартымен және (немесе) банктік салым шартымен куәландырылған банктік шоттардағы ақша қаражаты

Кепілдік өтемін төлеу мерзімінің аяқталу күні туралы ҚДКБҚ хабарландыруы төлеу мерзімі аяқталғанға дейін 30 жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында («Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда»), сондай-ақ өзге бұқаралық ақпарат құралдарында және ҚДКБҚ интернет-ресурсында ([www.kdif.kz](http://www.kdif.kz)) жарияланады.

6. Кепілдік өтемін төлеу мерзімі аяқталғаннан кейін (төлеудің басталу күнінен бастап 1 жыл өткен соң) Сіз талап етпеген кепілдік өтемінің сомасы ҚДКБҚ-мен Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да (бұдан әрі – БЖЗҚ) ашылған Сіздің жеке зейнетақы шотыңызға ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін аударылады. Кепілдік өтемінің талап етілмеген сомасын БЖЗҚ-ға аудару шарттары Заңның 21-1-бабының 2-тармағында айқындалған.

7. Заңға сәйкес, төлеу мерзімі ішінде өтініш беруге кедергі келтірген дәлелді себеп болған жағдайда, Сіз ҚДКБҚ-ға растайтын құжаттарды қоса отырып, кепілдік өтемін төлеу туралы жазбаша өтініш бере аласыз (соның ішінде Сіз талап етпеген соманы ҚДКБҚ БЖЗҚ-ға аудару жағдайында). Дәлелді себептердің тізбесі Заңның 21-1-бабының 4-тармағымен белгіленген. Мұндай өтініш Банктің түпкілікті таратылуына дейін немесе Сіздің Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес ерікті зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақы төлемдеріне құқық туындағанға дейін берілді (талап етілмеген өтем сомасы ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін Сіздің жеке зейнетақы шотыңызға аударылған жағдайда).